

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 410 және 1997 жылғы 17 маусымдағы N 979 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 19 мамырдағы N 452

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясын құру туралы" 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3378 U973378_ Жарлығын іске асыру және мұнай операцияларын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай

өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 410

P970410_

қаулысында:

аталған қаулының 1-қосымшасы мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Атырау МӨЗ" АҚ	53,1	
"Павлодар МӨЗ" АҚ	87,9	
"Теңізшевройл" ЖШС	25	
"Каспий Құбыр арнасы консорциумы" АҚ		КТК акцияларының
(Қазақстан Республикасы Үкіметінің үлесі)		жалпы санын

19

"Қазақстан Пайплайн Венчурз" БК	50,1	
"Мұнай-Импекс" ЭИФ" ЖШС	100	
"Қазақстанкаспийшельф" АҚ	90	
"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ	25	
"Өзенмұнайгаз" АҚ	90	
"Ақтөбемұнайгаз" АҚ	20,5";	

аталған қаулының 2-қосымшасында:

мынадай мазмұндағы жолдар:

"Атырау МӨЗ" АҚ, Атырау қаласы	53,2	-
"Павлодар МӨЗ" АҚ, Павлодар қаласы	87,9	-

"Теңізшевройл" ЖШС	25	25
"Каспий Құбыр арнасы консорциумы" АҚ (Қазақстан Республикасы Үкіметінің үлесі)	19	19
"Каспий Құбыр арнасы консорциумы" АҚ ("Мұнайгаз" МХК үлесі - "АМОКО" мен БК)	1,75	1,75
"Мұнай-Импекс" ЭИФ", Алматы қаласы	100	100
"Қазақстанкаспийшельф" АҚ	90	90
"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ, Ақтау қаласы	90	30
"Өзенмұнайгаз" АҚ, Жаңаөзен қаласы	90	90
"Ақтөбемұнайгаз" АҚ, Ақтөбе қаласы	85,5	-

алынып тасталсын.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1716 және 1997 жылғы 24 наурыздағы N 410 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 маусымдағы N 979 Р 9 7 0 9 7 9 _
қ а у л ы с ы н д а :

1-тармақтың жиырма екінші және жиырма үшінші абзацтары алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бір ай мерзім ішінде осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 410 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 650 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК